

Кімге: Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданы Ақсай қаласы әкіміне

Кімнен: Сембаев Темірлан Эрикұлы

Күні: 16.10.2024 ж.

## Аналитикалық жазба

Зерттеу тақырыбы: Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Ақсай қаласының экологиялық жағдайы.

Кілт сөздер: экология, өндіріс, тұрмыстық қалдықтар, Ақсай қаласы.

**1. Кіріспе.** Ақсай қаласы – Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданының экономикалық және өндірістік орталығы. Қалада Қарашығанақ мұнай-газ конденсат кен орны орналасқан, бұл аймақтың экономикасына айтарлықтай үлес қосуда. Алайда, өндірістің қарқынды дамуы мен тұрмыстық қалдықтардың дұрыс басқарылмауы қоршаған ортаға кері өсер етуде.

Бұл аналитикалық жазба Ақсай қаласының экологиялық жағдайын, оның ішінде өнеркәсіптік өсерлерді, тұрмыстық қалдықтарды басқару мәселелерін және оларды шешу жолдарын талдайды. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе негізінде экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар беріледі..

**2. Негізгі бөлім.** Өнеркәсіптік өсерлер және экологиялық мәселелер. Ақсай қаласы Қарашығанақ мұнай-газ конденсат кен орнының өсерінен экологиялық тұрғыдан қыын жағдайға тап болуда. Өнеркәсіптік өндіріс барысында атмосфераға зиянды газдар, соның ішінде күкіртті сутек пен көмірқышқыл газы шығарылады, бұл ауаның сапасын нашарлатады. Сонымен қатар, қаланың жақын маңындағы елді мекендерде, тұрғындар денсаулық мәселелерімен жиі кездесуде. Бұл аумақтарда экологиялық мониторинг жүргізу маңызды.

Рұқсат етілмеген полигондар және тұрмыстық қалдықтарды басқару. Ақсай қаласында тұрмыстық қалдықтардың дұрыс басқарылмауы рұқсат етілмеген полигондардың пайда болуына және экологиялық мәселелердің ушығуына әкелуде. Қалдықтарды бей-берекет өртеу аяқ сапасын нашарлатып, улы заттардың бөлінуіне себеп болады. Қалдықтарды басқару жүйесінің тиісті деңгейде үйімдастырылмауы ауаның, судың және топырақтың ластануына ықпал етеді.

## Ақсай қаласындағы экологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Ауаның ластану индексі (АҚШИ)	85	90	93

<b>Көрсеткіш</b>	<b>2021 жыл</b>	<b>2022 жыл</b>	<b>2023 жыл</b>
Ауыз су сапасы (Жергілікті тест)	Қанағаттанарлық емес	Қанағаттанарлық емес	Қанағаттанарлық емес
Тұрмыстық қалдықтар көлемі (тонн)	20,000	21,500	23,000
Рұқсат етілмеген полигон саны	15	18	20
Экологиялық шараларға бөлінген қаржы (млн теңге)	120	150	180

Бұл кесте Ақсай қаласындағы экологиялық жағдайдың негізгі көрсеткіштерін бейнелейді. Ластану деңгейінің жоғарылауы және тұрмыстық қалдықтардың көбеюі экологиялық қауіптің артуын көрсетеді.

**2.1 Халықаралық тәжірибе.** Кейбір дамыған елдер, мысалы, Норвегия, Канада және Нидерланд, мұнай-газ өндіру және қалдықтарды басқару саласында жоғары экологиялық стандарттарды ұстанады.

Норвегия: Мұнай өндіруде қатаң экологиялық стандарттарды қолданады, экологиялық мониторинг жүйесі арқылы су және ауа сапасын қадағалайды. Жаңартылатын энергия көздерін дамытуға ерекше көніл бөледі.

Канада: Мұнай өндірісінде экологиялық реттеулер қатаң жүргізіледі. Қалдықтарды басқару және жерді қалпына келтіру шаралары мұқият қадағаланады.

Нидерланд: Жасыл технологияларды енгізу және энергия тиімділігін арттыру мақсатында инновациялық әдістерді қолданады. Теңіз ортасында экологиялық қауіпсіздік шаралары қабылданған.

Бұл елдердің тәжірибесі Ақсай қаласының экологиясын жақсарту үшін үлгі бола алады. Қалдықтарды қайта өндеу және қоқысты өртеу салаларында олардың әдістерін қолдану экологиялық қауіп-қатерлерді азайтуға мүмкіндік береді.

**3. Қорытынды.** Ақсай қаласының экологиялық жағдайы құрделі. Өнеркәсіптік өндіріс пен тұрмыстық қалдықтардың дұрыс басқарылмауы ауаның, судың және топырақтың ластануына әкеліп соғады. Өндірістік процестерді жақсарту және қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет.

**4. Ұсылымдар.** Қалдықтарды бөлу және өндеу: Тұрмыстық қалдықтарды тиімді басқару үшін қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу қажет.

Экологиялық мониторинг: Ауаның, судың және топырақтың ластану деңгейін үнемі бақылап, өнеркәсіптік шығарындыларды қатаң қадағалау.

Полигондарды жою: Рұқсат етілмеген полигондарды жою және қоқыс өртеуді экологиялық қауіпсіз технологиялармен жүзеге асыру.

Халықаралық тәжірибелі қолдану: Норвегия, Канада және Нидерланд елдерінің тәжірибесін зерттеп, қалдықтарды басқаруда заманауи әдістерді енгізу.

Қоршаған ортаны қорғау шараларын қүшейту: Қараашығанақ мұнай-газ конденсат кен орнының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тиісті стандарттарды сақтау.

### **Пайдаланған дереккөздер.**

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі.
2. Қараашығанақ мұнай-газ конденсат кен орны туралы статистикалық деректер.
3. «Норвегия, Канада және Нидерландтың» қалдықтарды басқару тәжірибесі жөніндегі зерттеулер.
4. Ақсай қаласының 2023 жылғы экологиялық мониторинг деректері.